Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

4 қазан 2023 жыл іс № 3115-23-00-2/1880 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева
сот отырысының хатшысы А.Асем
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Алмадез ПВ» басшысы Болдинов Василий Иванович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Айыппұл сомасын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі М.Абдрахманова
Жауапкер өкілі Т.Тәткен

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу негізінде «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен (бұдан әрі - талап қоюшы) жеке кәсіпкер «Алмадез ПВ» басшысы Болдинов Василий Иванович (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2 наурыз 2023 жылы №119 жалпы сомасы 392 000 теңге құрайтын келісім-шарт жасалған.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес келісім шарттың орындалу мезгілі тапсырыс берушінің өтініші бойынша шарт жасалғаннан кейін бір жыл ішінде, сұраныс 17 мамыр 2023 жылы веб портал және электронды почта арқылы жіберілген, сұраныста жеткізу уақыты 1 маусым 2023 жылға дейін, алайда келісім шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған.

2 маусым күні веб-портал арқылы тұрақсыздық айыбы өндірілетіндігі туралы хабарлама жіберілген, жауапкер аталған хабарламамен 3 маусым күні танысқан. 27 маусым күні келісім шарт бұзылатындығы туралы хабарлама жолданып, өнім беруші аталған хабарламамен 28 маусым күні танысқан. Келісім шарт бір жақты 20 шілде 2023 жылы бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 11.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Тажиева Г. М., 14.11.2023
3115-23-3-6/79

Талап қоюшы өз талап арызында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда шарт міндеттерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және айыппұл сомасын өндіруді сұраған.

Талап қоюшының өкілі М.Абдрахманова талап қоюды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі Т.Тәткен талап қоюмен келіспей, тауар келісілген уақытта жеткізілгенін, алайда тапсырыс беруші тауарды қабылдап алғанын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамағандықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Сондықтан сот жауапкердің іс әрекетін өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған деп табады.

АҚ-нің 360 бабына сай, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Іс материалдарымен анықталғандай, жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, жауапкермен шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындаудың мүмкін еместігі туралы сотқа дәлелдер ұсынылмады.

Жауапкер өкілінің тапсырыс берушімен ауызша келісімі бойынша тауар тамыз айында жеткізілді деген уәждерін негізсіз деп санайды, себебі тараптар арасында ауызша келісім болғандығы туралы дәлелдемелер ұсынылмаған. 2023 жылдың 3 маусым күні жеке кәсіпкер «Алмадез ПВ» басшысы Болдинов Василий Иванович веб-портал арқылы тауарды кешіктіріп жеткізу себебін жазбаша түрде хабарлайтынын көрсеткен, алайда ешқандай хабарлама жолдамаған. Тапсырыс берушінің келісім шарт бұзылатындығы туралы хабарламасымен жауапкер танысқан, алайда ешқандай қарсылық білдірмеген. Жауапкер келісім шарт бір жақты 20 шілде 2023 жылы бұзылғаннан кейін тауарды тек 3 тамыз күні жеткізген. Тауарды мекеме маманы Айтмаханбетқызына төлқұжатқа қол қойдырып тастап кеткен, алайда Айтмаханбетқызының тауарды қабылдап алуға құзыреті болмаған. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық қан орталығы тауарды қайтару туралы 3 тамыз және 18 тамыз күндері хаттар жолдаған, бірақ жеке кәсіпкер «Алмадез ПВ» тауарды қайтарып алып кетпеген. Жауапкер шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы шағым келтірмеген, міндеттемелерді уақытылы орындамаған, сондықтан талап қоюшының жауапкер «Aditecs» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

АК-нің 293, 298 бабтарына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған

Құжатқа қол қойылған: Тәжиева Г. М., 11.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Тәжиева Г. М., 14.11.2023

кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 7.3 тармақшасына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім берушіден міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1 пайыз мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 пайыздан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп алуға құқылы.

Талап қоюшының есебіне сәйкес тұрақсыздықтың мөлшері мерзімі өткен күндерге 11 368 теңге құрайды, сот есепті тексеріп, айыппұл сомасы дұрыс есептелген деп санайды.

Істің бұл тұрғысында, сот талап қоюшының айыппұл сомасын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117 бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 2 066 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Ш Е Ш І М ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Алмадез ПВ» басшысы Болдинов Василий Ивановичты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Алмадез ПВ» басшысы Болдинов Василий Иванович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Алмадез ПВ» басшысы Болдинов Василий Ивановичтен мемлекет пайдасына 11 368 (он бір мың үш жүз алпыс сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұлы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Алмадез ПВ» басшысы Болдинов Василий Ивановичтен мемлекет пайдасына 2 066 (екі мың алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.М.Тажиева

Шешім түпкілікті нысанда 11 қазан 2023 жылы шығарылған.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 11.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Тажиева Г. М., 14.11.2023

3115-23-3-6/79